

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Электрондық ресурс: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=13983794>
3. Е.С. Пирогова, А.Я. Курбатов. М. Правовое регулирование несостоятельности (банкротства): учебник для бакалавриата и магистратуры. - Издательство Юрайт, 2015. 291 с
4. Жеке тұлғалардың банкроттығы. Электрондық ресурс: <https://nalogikz.kz/docs/bankrotstvo-fizicheskikh-lic.html>

Бисолтан А. А., Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, заң факультеті, Ю-22К тобы, студент
(*Ғылыми жетекшісі – Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы Тоқатов Р. А*)

ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙЕНЕТІН ТАМЫРЫ ЗАҢ, ЗАҢ СЫЙЫНАТЫН ТӘНІР ТІЛ

Заң – адамдар арасындағы маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық акт. «Әділ заң — тірегің», - деп түркі әлемінің ұлы тұлғаларының бірі Жүсіп Баласағұн айтып кеткендей, қоғам заңдарының адамдар үшін әділетті, әрі жүйелі болуы, халық үшін сүйенер мықты тірек болары анық.[1] Қандай да бір жағдайларға тап болсақ та, белгілі бір заңды немесе заңсыз әрекеттерге куәгерлік етсек те, барлығы заң аясында орын алады. Заң және қатаң тәртіп болған жерде ғана, адамдардың тыныштығы мен қауіпсіздігі жүзеге асады. Заң – ол сенім, адамдар заңға сүйене отырып тәуекел етсе ғана, тұлға ретінде қоғамға пайдасын әкеле алады. Қоғамдағы өзекті мәселелер мен шешілмеген сұрақтарға жауап беруші, әрі қадағалаушы заңдарымыз мемлекет заңнамасында көрініс табады.

Басқа мемлекеттер секілді біздің елімізде де заңдардың толық жүзеге асырылып, қамтамасыз етілуі үшін, көптеген заңдар, конституциялық заңдар, кодекстер, Президент жарлықтары мен Парламент қаулылары қабылданған. Ешбір адам заңды айналып өте алмайды, демек еліміздегі әрбір азаматымыз заңдардың негізін білуі шарт. Кез – келген заңнама актісі оқылған сәтте-ақ, арнайы білімі жоқ қарапайым адамға да түсінікті болуы керек. Сауатты заң адамдар үшін қызметін сәтті тұрғыда атқарары сөзсіз. Алайда, қазіргі таңда заңдарымыз өз қызметін жүзеге асырып жатқанымен, ондағы жүйелілік пен сауаттылық жағынан мәселелердің болуы бізді алаңдатады. Арнайы маман – заңгер үшін де заңнаманың күрделі және түсініксіз тұстары көп. Өкінішке орай, біздің республикамыздың Кеңес Одағынан бөлініп шыққан уақытынан отыз жыл өтсе де, қазақ қоғамдағы қолданыстағы тілдің көбінесе орыс тілі болуы, біздің көптеген заңдарымыздың орыс тілінде жазылып, кейін қазақшаға аударылуына әкелді. Тіл – заңнама актілердің сапасының көрінісі. Егеменді еліміз асқақтап, көптеген жетістіктерге жетіп жатсақ та, қоғамымыздағы «орыстілділік» бізден алыстап кете алмағаны қуанатын жағдай емес. Заңдарды арнайы заңгерлер емес, тіл мамандары – филологтардың аудару ісімен айналысуы бұл мәселені шиеленістіре түсті: заң ғылымында кездесетін терминдердің қате немесе тура мағынасында аударылуы, дұрыс емес стильде болуы, өте күрделі ұғымдармен берілуі кесірінен заңның өзінің табиғатын жоғалтуы көптеген түсініспеушілік тудырды.

Қазіргі таңдағы кез-келген мүлтік және мүлтік емес қатынастар Азаматтық кодекс арқылы реттелетіні мәлім. Азаматтық кодекстің маңыздылығын заң ғылымдарының докторы, профессор Майдан Сүлейменов былай айтып өткен: «Республикамызда Азаматтық кодекстің қабылдануына дейін көптеген экономикалық байланыстарды реттейтін алуан түрлі бағыттардағы заңдар қолданысқа енгізілген. Алайда, олар бір-біріне тәуелсіз қабылданғандықтан, бір-бірімен жеткілікті деңгейде байланысты болмаған. Соның кесірінен көптеген қателіктер мен кемшіліктер, бірдей немесе ұқсас сұрақтардың шешілу жолы бір-біріне қайшы келетін сәттер аз болмаған. Осының барлығы құқықтық реттелуі тиіс экономикалық қатынастардың негізгі аспектілерін қамтитын, көп деңгейлі жүйелі заңнаманы тез арада жасау қажеттілігін туындатты. Осы міндетті Азаматтық кодекс атқарды».[2] Алайда қазіргі таңда біз қолданып жүрген қазақ тіліндегі Азаматтық кодекстен кететін қателер көз сүріндіреді. Адами факторлар нәтижесінде заңнамада бір-екі қате кездесері анық, алайда кодекстің көптеген

баптарынан белгілі бір дұрыс аударылмаған сөз, терминдер мен түсініксіз ұғымдарды кездестіруіміз, мемлекеттік тілдегі заңнаманың сапасына немқұрайлы қараудың кесірі болып табылады. Осы қателіктерді тереңірек талдау үшін, ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінің 25-тарауы «Сатып алу-сату» шарттарын қарастырайық. Ең бірінші, 406-бапқа зер салсақ: «сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді».[3] Осы тұстағы «жедел» сөзі, орыс тілді мәтінде «оперативный» деп жазылған, алайда оның қазақша баламасына тура мағынада аударылуы дұрыс емес. «Оперативный» сөзі «іс жүзінде болатын» деген ұғымды білдіреді, сондықтан «жедел» емес, «оралымды басқару» деп аударылуы тиіс. Бір қызығы, бұл бапта қате аударылған сөз, 412-бапта тура сол сөз тіркесімен бірге «оралымды басқару» деп дұрыс аударылған. «Определить» сөзі белгілі бір істі нақтылау, анықтау ұғымын білдіру үшін қолданылады. Ал 409-баптағы кездесетін «определяется договором», «не позволяет определить срок» сөз тіркестеріндегі бұл сөз қазақша «шартта белгіленеді», «егер шартта мерзімді белгілеуге мүмкіндік болмаса» деп «белгілеу» болып аударылған. «Белгілеу» белгілі бір затты басқалардан ерекше болатындай әрекеттің жасалуы. Оның аудармасы «обозначить, выделить» болғандықтан, бұл сөзді тіпті «определить» сөзімен синоним ретінде де қарастыра алмаймыз, осы баптар өзінің дұрыс нұсқасында «анықтау» сөзімен жазылуы тиіс. Осы баптан кейінгі 410-бапты қарасақ, «указанный» сөзі «көрсетілген» емес, «атаған» деп қате аударылған. Бұл қателік 479-баптың үшінші тармағында да кездеседі. Осы сөздің қарама-қарсы ұғымы, 483-баптағы «неопределенный срок» сөз тіркесі де «белгіленбеген мерзім» деп қате аударылған. Дұрыс нұсқасында ол «анықталмаған мерзім» болып жазылуы тиіс еді. Ерекше бөлімде он шақты рет кездесетін «қисынды мерзім» сөзін қарапайым адамның қандай мерзімді меңзеп тұрғанын түсінуі екіталай. Орыс тіліндегі «разумный срок» «ақылға қонымды, орынды уақыттағы мерзімді» білдіреді, ал «қисынды» сөзі қайдан шыққан? «Қисынды ой», «қисынды сөз» деген сөздеріне сәйкес келетін бұл сөз «мерзім» сөзіне тіркелуі мүлдем түсініксіз. Осы сөзді «ақылға қонымды мерзім» деп аударсақ, адамдардың қазақ тіліндегі түсінбеген ұғымдарын түсіну үшін орыс тіліндегі кодекске сүйенуіне жол бермеуші едік.

Қазіргі кезде банктер, нарық жүйесі, қаржылық ұйымдар жедел дамуда. Бүгінгі таңдағы қаржыға байланысты ұйымдардың адамдарды баурау әдістері өте көп: олар әртүрлі кэшбектер, бонус, ұтыс ойындары, несиелер арқылы адамдарды өзінің «тиімді мүмкіндіктеріне» түсіріп, пайдаға кеңелуде. Осы қатардағы сөздерден жарнамасы жиі кездесетін «рассрочка» сөзі кодекстің 442-бабында «тауарларды бөліп-бөліп төлеу» деп аударылған. Қазақ тілі грамматикасына сүйенсек, «бөліп-бөліп» сөзі күшейтпелі шырай болуы қажет, ал шырай қызметі берілген сөздің мағынасын одан әрі еселеу мақсатында болғандықтан, бұл орында оның қысқартылып «бөліп төлеу» деп жазылуы әлдеқайда дұрыс секілді. Бес-алты рет кездесетін осы сөздің қысқартылып берілуі де, оқуға жеңіл болушы еді. Қазіргі таңда бәріміз білетін «несие» сөзі де кодексте қолданылмапты: аудармашы мамандар орыс тіліндегі нұсқадағы «кредит» сөзін сол қалпы қазақ тіліндегі кодекске енгізген. Ал, 447-баптың атауы – «Публичная оферта товара», қазақ тілді нұсқасында «Тауардың көпшілікке арналған офертасы» деп берілген. Сөздіктерге сүйенсек, «публичная» сөзі қазақша «жария», ал «көпшілікке арналған» «для большинства» деп аударылады. [4] Тура осы мағынадағы 482-бапта кездесетін «является публичным» сөзі «жария болып табылады» деп дұрыс нұсқасында аударылған. Біздің кодексіміз ең бірінші кезекте барша халық үшін қажет болып табылғандықтан, оның нақты болуы маңызды болып табылады. Сол себепті де осы тұста «публичная оферта товара» сөз тіркесі, «тауардың жария офертасы» сөз тіркесімен алмастырыла отырып аударылуы қажет. Тауарға алдын-ала ақы төлеу туралы жазылған 440-баптың орыс тіліндегі мәтінде кездесетін «частично» сөзі «ішінара» деп аударылған. «Ішінара төлеу» сөз тіркесін көрген сәтте оның қандай төлемді меңзеп тұрғанын аңғару қиын, сол себепті «уплатить цену частично» сөзі «бағасын жарым-жартылай төлеу» деп ауыстырылуы қажет, себебі «ішінара» сөзінің мағынасы сөздікке сүйенсек «кейде» немесе «аратұра» болады. [5]

Сатып алу-сату шарттары жасалған кездегі тауардың сапасы да әртүрлі жағдайда болары анық, кей тауарлар шартқа сәйкес сапалы болса, кей тауарлар бекітілген сапаға сай емес болуы мүмкін. Осындай мәселелер кезінде құқықтық қатынастарды реттейтін заңнама баптарында тауар сапасыздығын білдіретін сөз тіркесі әртүрлі берілген. Мәселен, орыс тіліндегі кодексте «ненадлежащее качество» сөз тіркесі 428, 435-баптарда «тиісті сапасы жоқ», 455, 456, 471, 473-

інші және 476-баптарда «сапасы лайықсыз», 499-бапта «сапалы емес» деп жазылған. Осы сөздердің барлығын жүйелі түрде «тиісті емес сападағы» деп ауыстыру қажет деп санаймыз. 478-бапта кездесетін «переработка», «переработка сельскохозяйственной продукции» сөздері «ұқсату», «ауыл шаруашылық өнімін ұқсату» деп аударылған. «Ұқсату» сөзі орыс тілінде «уподоблять», «имитация» деп аударылады, сондықтан ол «переработка» сөзінің аудармасы бола алмайды. Кодекстегі «ұқсату» сөзі «өңдеу» сөзімен алмастырылуы қажет, сол кезде «ауыл шаруашылық өнімін өңдеу» сөздері қазақ тіліндегі өзінің дұрыс мағынасына ие болады. Сонымен қатар, ең жиі кездесетін сөздердің бірі «өткізу актісіне» тоқталсақ. Орыс мәтініндегі «передаточный акт» қазақ тіліне «өткізу актісі» болып аударылады, алайда тура осы түбірдегі «передача» сөзі кодексте «беру» деп аударылады. Яғни, екеуінің арасындағы сәйкессіздік қазақтілді мәтінде мүлде байланыссыз сөздер сипатында болып тұр. Сол себепті, дұрыс нұсқасында «өткізу актісі» сөз тіркесі, «табыстау актісі», ал қазақша «беру» сөзі, «табыстау» болып өзгертілуі тиіс, сол кезде «табыстау актісі» және «табыстау» сөздерінің байланысы түсініктірек болады.

25-інші тараудың 4-інші параграфы арналған «контракция» термині, қазақ тіліндегі тарауында «келісім-шарт жасасу» деп аударылғанымен, 406-баптың бесінші тармағында «контракция» термині қазақша баламасыз, сол қалпы жазылған. Алысқа кетпей-ақ, осы параграфтың 478-бабындағы «о договоре поставки» сөз тіркесі «тауар беру шарты туралы» деп аударылып, 458-477-баптарға сілтеме жасалынған. Алайда сілтеме жасалған баптарда «договор поставки» сөз тіркесі «тауар жеткізімі шарты» деп берілген. «Поставка» сөзі «жеткізілім» деп аударылуы дұрыс нұсқа, сол себепті де 478-бапта кездесетін қателікті «тауар жеткізілімі шарты туралы» деп жөндеу қажет. Сонымен бірге, Азаматтық кодекстің ерекше бөліміндегі қай бапты ашып қарасаңыз да, орыстілді мәтіндегі «законодательные акты», «законодательство» сөздері «заң актілері», «заңдар» болып аударылған, алайда осы сөз тіркестері де дұрыс нұсқасында «заңнама актілері», «заңнама» болуы қажет еді, себебі «заңдар» ұғымы «законы», ал «заңнама» ұғымы «законодательство» деп аударылады.

Заңнамамыздағы орын алып жатқан өрескел қателіктер, тек қана аударма ісімен айналысқан мамандардың ғана емес, тұтастай қоғам кінәсі. Біз аса қажет жағдайда орыс тіліндегі нұсқаны да қолдана береміз, алайда біздің өз елімізде жапа шегіп жатқан қазақ заңнамасының мәселесі кімді толғандырмақ? Мемлекеттің айнасы ретіндегі заңның сапалы болуы, оны жүйелі тұрғыда қалыптастырады. Заң қабылдайтын органдардың заңнамаға немқұрайлы қарамауы, аударма ісімен айналысатын адамдардың тілді жетік меңгеруімен қатар, заң саласынан хабардар болуы керек немесе осындай олқылықтар орын алмас үшін, заң шығаруды мемлекеттік тілімізде іске асыру қажет. «Қазақ тілін іске асыратын болсақ, ең алдымен істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің кемшілігін құрту керек», - деп қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі Міржақып Дулатұлы айтып кеткендей, қазақ тіліндегі заңнамамыздың сауаттылығы мен бірізділігіне зер салу, мемлекеттік тіліміздің заң саласында кеңірек қолдануына жол ашар еді.[6] «Тілдің бояуы бозарып, қыры сынбас» үшін заңнамадағы қателіктерді жөндеу, қазіргі таңдағы қазақ тіліндегі заңнамалардың түсініксіз түйіндерін шешері анық. [7]

Әдебиеттер:

1. Ж. Баласағұн. Нақыл сөздер // <https://bilim-all.kz/quote/12180>
2. М. Сүлейменов. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі қалай жасалды // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31127673&pos=4;-88#pos=4;-88
3. «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі» Жалпы бөлімі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І қабылданған. (өзгерістермен және толықтырулармен) // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_
4. F. F. Мұсабаев. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1998. – 1 том, 574-бет
5. Русско-казахский словарь. <https://sozdik.kz/ru/dictionary/translate/ru/kk>
6. Міржақып Дулатұлы нақыл сөздері // <https://bilim-all.kz/figure/3?posts=quotes&page=2>
7. Ғабит Мүсіреповтің қанатты сөздері // https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/51934/